

**«СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ
УНИВЕРСИТЕТІ» КсАҚ**

**«ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУГЕ
ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР ОҚУШЫЛАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУДІҢ
ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ»
ПЕДАГОГТЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ КУРСЫНЫҢ
ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

СЕМЕЙ 2024

МАЗМҰНЫ

- 1) Жалпы ережелер;
- 2) Глоссарий;
- 3) Бағдарламаның тақырыптық мазмұны;
- 4) Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері;
- 5) Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны;
- 6) Оқыту үрдісін ұйымдастыру;
- 7) Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі;
- 8) Оқу нәтижелерін бағалау;
- 9) Курстан кейінгі сүйемелдеу;
- 10) Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі.

1) Жалпы ережелер

Жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдеріне, психологтарына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының «Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беруге қажеттіліктері бар оқушыларға қолдау көрсетудің тиімді жолдары» білім беру бағдарламасы жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдерін, мектеп психологтарын оқытуды көздейді.

Білім беру бағдарламасы инклюзивті білім берудің педагогикалық-ұйымдастырушылық негіздерін, психологиялық-педагогикалық қолдауды, түзете отыра дамыту және үйде оқыту технологияларын пайдалануды, әр балаға оңтайлы педагогикалық бағытты жобалау бойынша жалпы білім беретін мектеп психологтарының, мұғалімдерінің кәсіби шеберлігін жетілдіруге бағытталған.

Бағдарлама нормативтік-құқықтық құжаттар талаптарына сәйкес әзірленді.

2) Глоссарий

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар тұлғалар (балалар) (ЕББҚ) - даму ерекшеліктеріне, мінез-құлық және эмоциялық проблемаларына, орталық факторларына (әлеуметтік, психологиялық, экономикалық, лингвистикалық, мәдени) байланысты тиісті деңгейде білім алуда тұрақты немесе уақытша қиындықтары бар тұлғалар (балалар);

Ерекше білім беру қажеттілігі - бұл әр оқушының оқуы табысты болуын қамтамасыз ету мақсатында психологиялық-педагогикалық әдістермен жүзеге асырылатын оқу үдерісіндегі көмек пен қызмет көрсету қажеттілігі.

Білім алу үшін арнаулы жағдайлар – мүмкіндігі шектеулі балалардың оларсыз білім беру бағдарламаларын меңгеруі мүмкін болмайтын, арнаулы оқу және жеке дамыту бағдарламаларын, оқыту әдістерін, техникалық, оқу және өзге де құралдарды, тыныс-тіршілік ортасын, психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды, медициналық, әлеуметтік және өзге де көрсетілетін қызметтерді қамтитын жағдайлар.

Мүмкіндігі шектеулі бала (балалар) – белгіленген тәртіппен расталған, туа біткен, тұқым қуалаған, жүре пайда болған аурулардан немесе жарақаттардың салдарынан тіршілік етуі шектелген, дене және (немесе) психикалық бұзылыстары бар он сегіз жасқа дейінгі бала (балалар).

Психологиялық-педагогикалық қолдау - педагогтар мен мамандардың жүйелі ұйымдастырылған қызметі, оның барысында баланың мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес табысты оқуы мен дамуы үшін әлеуметтік психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасалады;

Арнайы кабинет - ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларға мамандарының психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуге арналған топтық және жеке сабақтарды жүргізуі үшін жабдықталған бөлме (сыныптық бөлме);

Қысқартылған оқу бағдарламасы - оқушының жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде құрылған оқу бағдарламасы;

Жеке оқу бағдарламасы - зияты зақымдалған оқушының жеке мүмкіндіктері ескеріле отырып құрастырылған оқу бағдарламасы;

ҚР МЖМБС - Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты;

ПМПК - психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес;

ППҚҚ - психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі;

ЭЫДҰ - экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы;

ППТК - психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті;

НТГС - назар тапшылығы және гипербелсенділік синдромы;

АСБ - аутистік спектрдің бұзылуы.

«Инклюзия» - «inclusif» француз тілінен аударғанда «өзімді қосқанда» ал, «include» латын тілінен аударғанда «араластырамын» деген мағынаны білдіреді.

Инклюзивті білім беру – барлық балалардың психикалық және физикалық мүмкіндіктеріне, ата-аналарының әлеуметтік және экономикалық мәртебесіне, мәдениетіне, жеке ерекшеліктеріне қарамастан білім алуы мен нәтижелі табысқа жетуі үшін қажет жағдайлар жасау және білім берудің баршаға қолжетімділігін қамтамасыз ету.

3) Бағдарламаның тақырыптық мазмұны

1. Инклюзивті білім: мәні, мәселелері және даму перспективалары.
2. Инклюзивті білім берудегі халықаралық стандарттар мен әдістемелік тәсілдер.
3. Қазақстан Республикасындағы инклюзивті білім берудің нормативтік-құқықтық базасы.
4. ЕББҚ бар білім алушылар: анықтамасы, жіктелуі, даму ерекшеліктері.
5. Білім беру мекемесі жағдайында ЕББҚ бар білім алушылардың барлық топтары үшін инклюзивті ортаны ұйымдастыру.
6. Инклюзивті білім беруді жүзеге асыру жағдайында педагогикалық қызметті басқару және әдістемелік жұмысты ұйымдастыру.
7. Инклюзивтік оқыту жағдайында ЕББҚ бар білім алушыларды диагностикалық сүйемелдеу.
8. Ерекше білім алу қажеттілігі бар білім алушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету.
9. Инклюзивті білім беру үрдісін дамытуды оқу -әдістемелік қамтамасыз ету.
10. Инклюзивті білім беру жағдайында ЕББҚ бар оқушыларға білім беруді бейімдеу және модификациялау.

- 11.Оқу бағдарламаларын қысқартуды орындауға, жеке оқу бағдарламаларын жасауға арналған ұсыныстар.
- 12.ЕББҚ бар білім алушылардың жеке мүмкіндіктерін есепке алу негізінде білім беру нәтижелерін бағалау.
- 13.ЕББҚ бар балалардың білім алудағы нәтижелерін қадағалау әдістері.
- 14.Бақылау - ЕББҚ бар білім алушылардың жетістіктерін бақылаудың негізгі әдісі ретінде.
- 15.Инклюзивті мектепте ата-аналармен жұмыс жасау технологиялары.
- 16.Балалар мен жасөспірімдерді үйде оқытудың ұйымдастырушылық-педагогикалық негіздері.
- 17.ЕББҚ бар білім алушыларға сабақты ұйымдастыру және психологиялық -педагогикалық қолдау жасау.

4) Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Мақсаты: білім алушылардың ерекше оқыту қажеттіліктері мен жеке ерекшеліктерін ескере отырып, білім беруге тең қол жеткізуін қамтамасыз ететін арнайы жағдайды ұйымдастыру мен құру бойынша педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту.

Міндеттері:

- 1) жалпы білім беретін мектептерде инклюзивті білім беруді реттейтін нормативтік-құқықтық актілерді зерделеу;
- 2) әлемдегі, Қазақстандағы инклюзивті білім берудің даму тенденцияларын, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту;
- 3) ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытудың, тәрбиелеудің және дамытудың ұйымдастырушылық-педагогикалық және психологиялық негіздерін зерделеу;
- 4) психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу, түзете-дамыта оқыту, үйде оқыту, жеке білім беру бағдарламасын әзірлеу технологияларын қолдану біліктері мен дағдыларын қалыптастыру;
- 5) білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалауды қолдану біліктілігін қалыптастыру;

Күтілетін нәтижелері:

білуі тиіс:

- инклюзивті білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын;
- жалпы білім беретін мектептердің инклюзивті білім беруді реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттарын, инклюзивті білім берудегі қағидаттар мен негізгі ұғымдарды;
- ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылардың білім алуға тең қол жеткізуін қамтамасыз ететін арнайы жағдайларды жасау бойынша педагогикалық түзету

жұмыстарының мазмұны мен жоспарлау ерекшелігін, оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалауға қойылатын талаптарды;

- түзете-дамыта оқыту және қашықтықтан оқыту, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу технологиясын қолдануды білу.

істей алуы тиіс:

- түзете-дамыта оқыту және қашықтықтан оқыту, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу технологиясын;

- жеке білім беру бағдарламасын құрастыруды;

- білім алуда қиындығы бар балаларға оңтайлы педагогикалық маршрутты жобалауды қолдана алуы.

дағдылар:

- жеке білім беру бағдарламасын құрастыруды, білім алуда қиындығы бар балаларға оңтайлы педагогикалық маршрутты жобалау дағдылары;

- баланың жеке дамуы мониторингін жүргізу мен жеке білім беру бағдарламасын құрастыру, дамуында түрлі ауытқушылықтары бар балаларды үйде оқыту дағдылары;

- оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалауды қолдану дағдылары.

5) Бағдарлама құрылымы мен мазмұны

Оқу-тақырыптық жоспар

№	Тақырып	Мазмұны	Сабақ түрі	Сағат саны
1	Инклюзивті білім: мәні, мәселелері және даму перспективалары.	«Инклюзивті білім беру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының заңы. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.	Дәріс	3
2	Инклюзивті білім берудегі халықаралық стандарттар мен әдістемелік тәсілдер	Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттарына баршаның сапалы білім алуға құқықтарының теңдігі; әрбір адамның зияткерлік дамуы, психикалық-физиологиялық және	Дәріс	3

		жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігі		
3	Қазақстан Республикасындағы инклюзивті білім берудің нормативтік-құқықтық базасы	Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері	практикалық	6
4	ЕББҚ бар білім алушылар: анықтамасы, жіктелуі, даму ерекшеліктері.	ЕББҚ бар білім алушылардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы.	Дәріс	3
5	Білім беру мекемесі жағдайында ЕББҚ бар білім алушылардың барлық топтары үшін инклюзивті ортаны ұйымдастыру.	ЕББҚ бар білім алушыларға арналған инклюзивті білім беру кеңістігін ұйымдастыру ерекшеліктері. «Кедергісіз орта» - бұл кешенді ұғым - техникалық, адамгершілік және құқықтық. Тіршілік әрекетінің кедергісіз ортасын құру және қамтамасыз ету.	Дәріс	3
6	Инклюзивті білім беруді жүзеге асыру жағдайында педагогикалық қызметті басқару және әдістемелік жұмысты ұйымдастыру.	Инклюзивті білім беру процесінде ЕББҚ бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру ерекшеліктері. ЕББҚ бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың негізгі мазмұны	Практикалық	6
7	Инклюзивтік оқыту жағдайында ЕББҚ бар білім алушыларды диагностикалық сүйемелдеу.	Ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау – оқу процесі барысында оқушыны қолдаудың түрін, формасын, көлемін анықталған оқу қиындықтары, олардың пайда болу себептері мен механизмдері негізінде белгілеу.	Дәріс	3
8	Ерекше білім алу	ЕББҚ бар білім алушыларға төзімді	Дәріс	3

	қажеттілігі бар білім алушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету	қарым-қатынасты қалыптастыру тәсілдері		
9	Психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету мамандарының оқушыға көмек көрсетуі	ЕББҚ бар балаларға арналған түзету-дамыту білім берудің негізгі бағыттары мен мазмұнын талдау	Практикалық	6
10	Инклюзивті білім беру үрдісін дамытуды оқу - әдістемелік қамтамасыз ету.	ЕББҚ бар балаларды жалпы білім беретін мектепте оқыту шарттары. ЕБАҚ бар балаларды оқыту тәсілдері. ЕБАҚ бар тұлғаларды (балаларды) оқытуда жеке-сараланған тәсіл	дәріс	3
11	Инклюзивті білім беру жағдайында ЕББҚ бар оқушыларға білім беруді бейімдеу және модификациялау	Инклюзивті білім беру түсінігі. Инклюзивті білім беру қағидалары. Инклюзивті білім берудің тиімділігін зерттеу.	Дәріс	3
12	Оқу бағдарламаларын қысқартуды орындауға, жеке оқу бағдарламаларын жасауға арналған ұсыныстар	Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше оқытуды қажет ететін балаларға жеке білім беру маршрутын құрастыру мен жүзеге асырудың мазмұнын ашу	Практикалық	6
13	ЕББҚ бар білім алушылардың жеке мүмкіндіктерін есепке алу негізінде білім беру нәтижелерін бағалау	Бағалау – бұл сыныптағы жұмыстың түрлері мен жағдайлардың көріну шамасына қарай ой тұжырымын және түсінулерін қамитын үздіксіз процесс.	Дәріс	3

14	ЕББҚ бар балалардың білім алудағы нәтижелерін қадағалау әдістері	Бағалаудың мақсаты: жіктеу (топтастыру), анықтау, оқыту мен тәрбиелеу бағдарламаларын құрастыру, оқыту мен тәрбиелеу бағдарламаларына мониторинг жүргізу, оқыту мен тәрбиелеу бағдарламасын бағалау.	Дәріс	3
15	Бақылау - ЕББҚ бар білім алушылардың жетістіктерін бақылаудың негізгі әдісі ретінде	Бақылау әдісі даму қиындықтары бар балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері мен дамуын зерттеуде маңызды орын алады, өйткені, үлкен адамға қарағанда, зерттеу объектісі ретінде баланы эксперименталды зерттеу өте қиын.	Практикалық	6
16	Инклюзивті мектепте ата-аналармен жұмыс жасау технологиялары.	Инклюзивті білім беруді дамыту шараларын жоспарлауда бала мен оның отбасын кешенді әлеуметтік зерттеу, жалпы білім беретін мектептің оқу процесіне баланы нәтижелі қосуға кедергі болатын қиындықтарды, кедергілерді бағалау маңызды. ЕББҚ бар балалардың ата-аналарымен жұмыс жүйесі.	Дәріс	3
17	Балалар мен жасөспірімдерді үйде оқытудың ұйымдастырушылық-педагогикалық негіздері	ЕББҚ бар балаларды үйден оқытудың ұйымдастырушылық-педагогикалық негіздерінің сипаты	Дәріс	3
18	ЕББҚ бар білім алушыларға сабақты ұйымдастыру және психологиялық - педагогикалық қолдау жасау	Әдіснамалық және оқу-әдістемелік қамтамасыз ету. Кадрлық қамтамасыз ету. Материалдық-техникалық қамтамасыз ету. Инклюзивті білім беруді дамытуды ақпараттық қамтамасыз ету.	Практикалық	6
БАРЛЫҒЫ:				72

Ескерту: 1 академиялық сағат-45 минут.

6) Оқыту үрдісін ұйымдастыру

Біліктілікті арттыру курстары келесі режимде ұйымдастырылады:

1. күндізгі оқыту;
2. ZOOM платформасы, on-line оқыту түрі.

Оқыту курстың оқу-тақырыптық жоспарына сәйкес ұйымдастырылады. Курстың ұзақтығы- 72 сағат.

Бүкіл оқу процесі оқытушы мен тыңдаушылардың интерактивті ынтымақтастығына негізделген, бұл оқу процесінің әр қатысушысының оңтайлы ашылуына ықпал етеді. Олар қатысушылардың қарым-қатынасының жоғары қарқындылығымен, қызметтің түрлері мен формаларының өзгеруімен және әртүрлілігімен, кәсіби шеберлігін жетілдірумен сипатталады.

Білім беру процесін ұйымдастыру кезінде оқытудың мынадай нысандары мен әдістері пайдаланылады: дәріс-диалог, практикалық сабақтар, тыңдаушылардың өзіндік жұмысы, кеңестер, онлайн-кеңес және тыңдаушының өзіндік жұмысы, шағын топтардағы жұмыс.

7) Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі

- заңнамалық және нормативтік құжаттар;
- «Инклюзивті білім беру негіздері» бойынша әдебиеттер.

8) Оқу нәтижелерін бағалау

Біліктілікті арттыру курстарын аяқтау қорытындысы бойынша емтихан комиссиясы тыңдаушыларды тестілеуді жүргізеді. Білімді тексеру нәтижелері хаттамалармен ресімделеді. Емтихан тапсырған тыңдаушыларға Қазақстан Республикасының барлық аумағында жарамды емтихан комиссиясы төрағасының қолы қойылған белгіленген үлгідегі куәлік беріледі.

9) Курстан кейінгі сүйемелдеу

Курстан кейінгі сүйемелдеу бойынша қызмет әртүрлі байланыс құралдарын (электрондық пошта, бейнеконференция платформасы, интернет-платформа, мессенджерлер және т.б.) қолдану арқылы біліктілікті арттырудың білім беру бағдарламасын іске асыратын ұйымның оқытушыларының (жаттықтырушыларының) өзара іс-қимылында жүзеге асырылады.

Бағдарлама бойынша біліктілікті арттыру курсын аяқтаған курстан кейінгі сүйемелдеу нысандары: оқытушылардың (жаттықтырушылардың) семинарлар өткізуі; сұрақтар бойынша кеңестер беру.

10) Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер

1. «Білім туралы» ҚР-ның 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ Заңы.
2. «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы», БҰҰ Бас Ассамблеясының 1948 жылы 10 желтоқсанда 217 А (ІІІ) қарарымен қабылданған. <http://www.un.org/>
3. «Бала құқықтары туралы» Конвенция БҰҰ-ның Бас Ассамблеясымен 20.11.1989 ж. қабылданған. ҚР Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылдың 8 маусымындағы №77 қаулысымен ратификацияланған.
4. «Мүгедектер құқықтары туралы» Конвенция – БҰҰ – 2007 жылдың 30 наурызы. Ақыл-ойы кемтар тұлғалардың құқықтары туралы декларация, БҰҰ Бас Ассамблеясының 1971 жылы 20 желтоқсанда 2856 (XXX) қарарымен қабылданған.
5. 1975 жылғы 9 желтоқсандағы БҰҰ Бас Ассамблеясының 3447 (XXX) қарарымен бекітілген Мүгедектердің құқықтары туралы декларациясы, <http://www.un.org/>
6. Мұқтаждықтары ерекше тұлғаларға білім берудегі Саламанка Декларациясы мен іс-әрекеттердің Шеңбері: Мұқтаждықтары ерекше тұлғаларға білім беру туралы дүниежүзілік конференция – Испания – 1994 ж.
7. «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы» ҚР-ның 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы.
8. «Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетудегі қолдау туралы» ҚР-ның 2002 жылғы 11 маусымдағы № 343 Заңы.
9. «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» ҚР Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы №1118 Жарғысы.
10. «Білім беру ұйымдарына қойылатын санитарлық-эпидемиялық талаптар» Санитарлық талаптар ҚР Ұлттық экономика министрлігінің 2014 жылғы 29 желтоқсанда № 179 бұйрығы (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 17 ақпанда № 10275 болып тіркелді).
11. «Мүгедектердің өмір сапасын жақсарту жөніндегі ұлттық жоспар» ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 16 қаңтардағы № 64 Қаулысы.
12. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 13 б.
13. Қазақстан Республикасындағы арнайы және инклюзивті білім берудің жағдайы мен дамуы. Аналитикалық баяндама. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 50 б.

Қосымша әдебиеттер

1. «Анализ положения детей с инвалидностью: развитие инклюзивного общества в Республике Казахстан». Отчет подготовлен Представительством ЮНИСЕФ в Казахстане при поддержке Фонда UniCredit - Астана, 2014, - 108 с.
2. Положение о ресурсном центре инклюзивного образования. Астана, НАО им. И. Алтынсарина – 2016 г.
3. Амрина Б.Б., Елисеева И.Г., Жангазиева Т.А., Чумакова О.Ф. Организационные основы и формы включения школьников с ограниченными возможностями в общеобразовательный процесс. Методические рекомендации.-Алматы: ННПЦ КП, 2014 г.
4. Психолого-методическое сопровождение и оказание поддержки учащимся с особыми образовательными потребностями в школах. Методические рекомендации НАО им.Алтынсарина. 2015 г.
5. Создание школьных консилиумов и обеспечение всесторонней поддержки детей с особыми образовательными потребностями. Методические рекомендации НАО им.Алтынсарина. 2015 г.
6. Ахметова, Д. Инклюзивному образованию - быть [Текст] / Д. Ахметова // Высшая школа XXI века: альманах. - 2014. - № 21. - С. 72-73.
7. Барбитова, А. Стратегическая функция центра инклюзивного образования в становлении инклюзивного образования в регионе [Текст] / А. Барбитова // Учитель. - 2014. - N 4. - С. 36-39.
8. Голиков, Н. А. Ребенок-инвалид: обучение, развитие, оздоровление. Дети с особой миссией / Н. А. Голиков. – Ростов н/Д.: Феникс, 2015. – 428 с.
9. Хитрюк В.В. Формирование инклюзивной готовности будущих педагогов в условиях высшего образования дисс. ...док. пед. наук: 13.00.08.Калининград, 2016. - 390 с.
10. Оралканова И.А. Формирование готовности учителей начальных классов к работе в условиях инклюзивного образования: дис. ...докт.философии (PhD). – Алматы, 2014. – 210 с.
11. Сейткалиев С. К. Интегрированное образование в Казахстане: проблемы и политика // Интеллект, идея, инновация. - 2017. - №1. - С. 23 - 26.
12. Никитина М. И. Дифференцированное и инклюзивное обучение // Специальная педагогика. - 2015. - №6. - С. 84 - 90.
13. Инклюзивное образование в Республике Казахстан. - Астана: Министерство науки и образования Республики Казахстан, 2016. - 32 с.
14. Мовкебаева З.А., Денисова З. А., Оралканова И. А., Жакупова Д. С. Методические рекомендации по подготовке педагогов к внедрению инклюзивного образования. - Алматы: Дайкпресс, 2013. - 165 с.
15. Дмитриев Ю.А., Арзымбетова Ш.Ж., Оралбекова А.К. Проблемы развития профессиональной подготовки учителей начальных классов в условиях инклюзивного образования Республики Казахстан. – Dubai.: Rost Publishing. 2015. -Р.102- 109.
16. Искакова А.Т., Мовкебаева З.А., Айтбаева А.Б., Байтурсынова А.А. Основы инклюзивного образования // уч. пособие. - Алматы: L-Pride, 2013. –280 с.

17. Айбазова, М.Ю. Подготовка будущих учителей к работе в условиях инклюзивного образования / М.Ю. Айбазова, К.Ю. Лавринец // Педагогика. – 2014. – №5. – С. 82 – 86.

SHAKARIM UNIVERSITY